

Спорттық іс-шарада Covid-19 вирустық ауруының таралуымен күрес жөніндегі регламент

«Бірінші болу – батылдык» корпоративтік қоры әзірледі

Құжат Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) және Қазақстан Республикасының Жеңіл Атлетика Федерациясы жариялаған нормалар мен талаптар негізінде дайындалды.

2021 жылғы «Алматы марафонының» қатысушысы коронавирус пандемиясы кезеңінде жарыстарға қатысу кезінде өзінің және іс-шараның барлық қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін төменде сипатталған шараларды орындауға және қатаң түрде сақтауға міндеттенеді.

СӨРЕЛІК ЖИНАҚТАРДЫ БЕРУ

Қатысушыларға сөрелік жинақтарды беруді қауіпсіз ету үшін қатысушылар мынадай қауіпсіздік шараларын қабылдауға міндеттенеді:

- Қатысушылар жинақтары берілетін аймаққа келушілердің барлығының дене температурасын өлшеуге кедергі жасамау. Дене температурасы 37 градус және одан жоғары немесе респираторлық инфекция белгілері бар адамдардың келуіне рұқсат етілмейді.

- Қатысушылардың сөрелік жинақтары берілетін аймаққа келушілердің барлығы маска мен қолғап киюге міндетті.

- Әрбір қатысушы оған қатаң бөлінген уақытта келуге міндетті. Әр қатысушыға сөрелік жинақты беруге көп дегенде 3 минут бөлінеді. Бір сағатта қабылданатын адам саны жинақтарды беру жүзеге асырылатын орынның жалпы ауданына қарай есептеледі. Әр адамға 3 минут ішінде кем дегенде 4 шаршы метр бөлінуі тиіс.

- Ұйымдастырушылар келушілер ағынының әлеуметтік арақашықтықты сақтауын қатаң түрде бақылайды. Қатысушы іс-шараның басқа қатысушыларынан 1,5-2 м арақашықтық сақтауға міндеттенеді.

- Қатысушылар денсаулық сауалнамасын толтыруға және қандай да бір ауруларының бар-жоқтығы туралы деректерді көрсетуге міндетті.

- Созылмалы аурулары бар адамдар, сондай-ақ коронавируспен ауырып жазылған, бірақ екі апталық инкубациялық кезеңнің өтуін күтпеген адамдар жарысқа қатысуға жіберілмейді.

- Қатысушыларға коронавирусқа ПТР тестін тапсыруға кеңес беріледі, оң нәтиже болған жағдайда, қатысушы іс-шараға қатысудан бас тартуға міндетті.

ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУ

Жарысқа қатысуды қауіпсіз ету үшін қатысушылар мынадай қауіпсіздік шараларын қабылдауға міндеттенеді:

• Қатысушылар жинақтары берілетін аймаққа келушілердің барлығының дене температурасын өлшеуге кедергі жасамау. Дене температурасы 37 градус және одан жоғары немесе респираторлық инфекция белгілері бар адамдардың келуіне рұқсат етілмейді.

• Сөрелік қалашыққа кіретін кезде барлық қатысушылар маскада болулары тиіс.

• Көрермендерге сөреде және мәреде спортшыларды қолдаудан бас тарта тұруға кеңес беріледі.

• Қатысушы сөрелік және мәрелік қалашықта іс-шараның басқа қатысушыларынан 1,5-2 м арақашықтық сақтауға міндеттенеді.

• Сөреден шығатын қатысушыларды уақыты, жас мөлшері бойынша бөлу. Адамдардың көп жиналуына жол бермеу үшін сөре уақыты қатысушыларға алдын ала хабарланады.

• Мәреде су бөтелкемен және медаль қолдарына беріледі.

• Киім ауыстырмау және ортақ сақтау камераларын қолданбау үшін спортшыларға спорттық киіммен келу ұсынылады.

• Әрбір қатысушы мәреде медициналық маска алады және іс-шараның өту аумағында үнемі маскада болуға міндетті.

• Спортшыларға жүгіру кезінде жолдың оң жағында болу ұсынылады.

• Қатысушы жарыс кезіндегі негізгі қауіпсіздік шараларымен танысу мақсатында жүгіру қарсаңындағы онлайн-брифингке қатысуға, сондай-ақ әлеуметтік желілерде, сайтта және «Алматы марафоны» электронды таратылымдарында хабарланатын ережелерді назарға алуға және орындауға міндеттенеді.

«Бірінші болу – батылдық» КҚ
Атқарушы директоры
Қазыбаева С.Н.



Күні: 02.01.2021